

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамының 2004-2006 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 маусымдағы N 690 қаулысы

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

1) "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының 2004-2006 жылдарға арналған даму ж о с п а р ы ;

2) "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының 2004 жылға арналған дамуының аса маңызды көрсеткіштері бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 2 м а у с ы м д а ғ ы

N 6 9 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**"Қазақтелеком" акционерлік қоғамының
2004-2006 жылдарға арналған даму жоспары Астана, 2004 жыл**

**1-бөлім. Ұлттық компанияның жағдайы және
даму перспективасы туралы баяндама**

1. Кіріспе

"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына кең көлемдегі байланыс қызметін ұсынатын, ұлттық ауқымда құрылатын акционерлік қоғамның жарғылық қорына мемлекеттік аймақтық және мамандандырылған телекоммуникациялар кәсіпорындарының мүлкін табыстау жолымен "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясын (бұдан әрі - ҰАҚ) құру туралы" 1994 жылғы 17 маусымдағы N 666 Қазақстан Республикасы Министрлер

Кабинетінің қаулысына сәйкес құрылды.

1996 жылғы наурызда мөлшері 12,1 млрд. теңгені құраған жарғылық қор шамасында акциялардың бастапқы эмиссиясы тіркелді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес "Қазақтелеком" ҰАҚ Жарғысына өзгерістер енгізілді, Қазақстан Республикасының әділет органдары "Қазақтелеком" ҰАҚ "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы ретінде қайта тіркеуден (заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 1997 жылғы 20 ақпандағы сериясы А N 084256 куәлігі) өткізді.

"Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес акционерлік қоғам ретінде (бұдан әрі - "Қазақтелеком" АҚ) қайта тіркеу жүргізілді. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2004 жылғы 1 сәуірдегі N 6924-901-АҚ куәлікті Астана қаласының Әділет департаменті берді.

"Қазақтелеком" АҚ Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланудағы біртұтас телекоммуникациялар желісінің ұлттық операторы болып табылады. Оның мақсаты:

Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жеке және заңды тұлғаларға байланыстың жалпыға бірдей қол жетімді қызметтерін ұсыну;

экономиканың барлық субъектілерінің, қоғамның және Қазақстанның мемлекеттік билік органдарының ақпарат алмасудағы қажеттіліктерін қазіргі заманға сай телекоммуникациялық технологиялар негізінде қанағаттандыру.

"Қазақтелеком" АҚ мынадай негізгі қызметтерді:
жергілікті, қалааралық, халықаралық телефон байланысы;
телеграф, телекс, деректер беру;
спутниктік байланыс;
сым арқылы радиохабар тарату;
байланыс арналарын жалға беру қызметтерін көрсетеді.

"Қазақтелеком" АҚ-на 2003 жылғы 25 ақпанда берілген N ДС 0001890 лицензия оған 2011 жылға дейін жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялар желісі үшін Қазақстандағы халықаралық және қалааралық қызмет көрсететін айрықша провайдер болу құқығын береді.

"Қазақтелеком" АҚ жарғылық капиталының мөлшері бір акция үшін әрқайсысының номиналы 1000 теңге 10 922 876 жай акциялары (дауыс беретін) және 1 213 653 дауыс бермейтін артықшылықты акцияларды құрайды.

Дауыс беру құқығынсыз артықшылықты акциялардың үлесі жарғылық қордың 10 пайызын құрайды. Артықшылықты акцияларға иелік ететін акционерлердің дивидендтер алу және Қоғамды тарату кезінде артықшылықтары бар.

Акциялардың мемлекеттік пакеті 50 пайыз болады, Central Asian Industrial Investments Holding N.V. акциялардың 30 пайызына иелік етеді, акциялардың 10 пайызы The Bank of New York, AIG Silk Road Fund Limited, Бителеком жекеменшік

компанияларының иелігінде.

"Қазақтелеком" АҚ - өз құрамында мынадай оқшауланған құрылымдық бөлімшелері (филиалдары) бар, орталықтандырылған басқаруы бар заңды тұлға:

14 облыстық телекоммуникациялар дирекциялары;
"Астанателеком" қалалық телекоммуникациялар орталығы;
"Алматытелеком" қалалық телекоммуникациялар орталығы;

Корпоративтік сату дирекциясы;
"Алыс байланыс" бірлестігі;
Радиоландыру орталығы;
Радиотехникалық бірлестік;

Телекоммуникациялар және инфрақұрылым объектілерінің құрылысы жөніндегі дирекция;

Пайдалану-шаруашылық бірлестігі;
"Телеком-комплект" дирекциясы;
Біліктілікті арттыру орталығы;

Магистралдық байланыс желілері мен теледидардың N 4 техникалық торабы;
Магистралдық байланыс желілері мен теледидардың N 13 техникалық торабы;

"Қазақтелеком" АҚ-тың Мәскеу қаласында өкілдігі.

"Қазақтелеком" АҚ "Алтел" АҚ-тың 50% акциясын иеленеді, "GSM Қазақстан" "Қазақтелеком" АҚ" ЖШС-нда 49% үлестік қатысы бар, "Нұрсат" ЖАҚ-ның 41,25% акциясын иеленеді.

"Алтел" АҚ AMPS және CDMA стандартындағы ұялы байланыс операторы болып табылады. "Қазақтелеком" АҚ GSM Қазақстан" ЖШС GSM стандартының ұялы байланыс қызметін көрсетеді. "Нұрсат" ЖАҚ деректер беру желісі рыногында қызмет көрсетуден айналысады.

Корпоративтік басқарудың жаңа үлгісі акционерлік қоғам болып қайта құрылумен бір мезгілде енгізілген болатын, соның нәтижесінде "Қазақтелеком" АҚ-ын басқаруды мынадай негізгі үш орган жүзеге асырады:

Жоғары орган - Акционерлердің жалпы жиналысы;

Басқару органы - Директорлар кеңесі;

Алқалық Атқарушы орган - Басқарма.

"ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ" АҚ ОРТАЛЫҚ АППАРАТЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Вице-президент (Астана қаласы)		Президент		Корпоративтік мәсе. лелер жөніндегі атқарушы директор
Құқықтық мәселелер				Үлестес компаниялар.

жөніндегі атқарушы	_____			_____	дың жұмыс мәселелері
директор				_____	жөніндегі атқарушы
_____				_____	директор
_____				_____	
Заң департаменті	_____			_____	Үлестес компаниялар.
_____				_____	дың қаржылық жұмысы.
				_____	ның мониторингі және
				_____	талдау қызметі

				_____	Үлестес компанияларда
				_____	бизнесті дамыту
Техникалық бақылау				_____	қызметі
б л о г ы				_____	
_____				_____	
Стратегиялық даму				_____	Сыртқы байланыс қызметі
бойынша атқарушы	_____			_____	
_____	директор			_____	Ішкі аудит қызметі
_____				_____	
Жетілдіру және да.	_____			_____	Мемлекеттік құпиялар
_____	мыту департаменті			_____	мен арнаулы жұмыстарды
_____				_____	қорғау жөніндегі қызмет
Жобаларды басқару	_____			_____	
_____	орталығы			_____	Логистика қызметі
_____				_____	
Жаңа қызмет көрсе.	_____			_____	Президент кеңесшілері
_____	тулерді техникалық			_____	
_____	жасау қызметі			_____	Президент көмекшілері
_____				_____	
С ы р т қ ы	б а й л а н ы с	_____		_____	
_____	қ ы з м е т і			_____	
_____				_____	
Өкімшілік		Коммер.	Қаржы-	Пайда.	
блок		циялық	экономика	лану	
		блок	блогы	блогы	СТ
_____		_____	_____	_____	
Вице-Пре.	Бас әкім.	Вице-Пре.	Вице-Пре.	Вице-Пре.	
зидент-	шілік ди.	зидент-	зидент-	зидент-	
Бас әкім.	ректоры.	Бас ком.	Бас	Бас тех.	

шілік		ның орын.		мерциялық		қаржы		никалық				
директор		басары		директор		директоры		директоры				
Менедж.			Әкімші.		Атқару.			Атқару.			БТД	
ментті да.		лік		шы ди.			шы ди.			орын.		
мыту жө.		депар		ректор-			ректор-		ба.			
ніндегі			тамент		Депар.			БҚД			сары	
атқарушы			тамент			орын.						
директор			Ақпа.		дирек.			басары			Пай.	
		раттық		торы		да.						
Менедж.				қолдау		Марке.			Эконо.			лану
ментті			және		тинг			мика			жө.	
дамыту				қауіп.		депар.			депар.			нін.
және				сіздік		таменті			таменті			дегі
корпо.				орта.		атқа.						
ративтік				лығы		Атқару.			Қаржы			рушы
саясат				шы ди.			депар.			дир.		
қызметі				Атқару.		ректор-			таменті			ектор
		шы ди.		Депар.								
Аутсор.			_	ректор-		тамент			Бухал.			Теле.
синг				Депар.		дирек.			терлік			ком.
техноло.			тамент		торы			есеп			муни.	
гиясын				дирек.		Сату			және			кация
дамыту				торы		депар.			есеп			желі.
қызметі				таменті			беру			лерін		
		Ұйым.			депар.			жалпы				
Сапа				дасты.		Корпо.			таменті			тех.
менедж.			_	ру-ба.		ратив.		ника.				
менті			қылау		тік			Жобалық			лық	
қызметі			депар.		имиджі			қаржы.			қол.	
	таменті		дамыту			ландыру		дау				
	жөнін.			депар.			қыз.					
	Қызмет.		дегі			таменті			меті			
	керлер.		атқару.									
	ді бас.		шы ди.			Қаржы.			Тех.			
	кару		ректор			лық ба.		ника.				
	қызметі			қылау			лық					
	Баспа.			депар.			пай.					
	сөз			таменті		да.						

<u>қызметі</u>	лану _
-----	орта.
Жарнама	<u>лығы</u>
және	-----
қызмет	ҚТЖ _
көрсе.	<u>БО</u>
туді	-----
қолдау	Тех.
<u>қызметі</u>	ника.
-----	лық _
Қызмет	инсп.
көрсету	<u>екция</u>
сапасын _	-----
бақылау	Ең.
<u>қызметі</u>	бекті
	қ о р .
	ғ а у _
	ж ә н е
	Қ Т
	қ ы з .
	<u>м е т і</u>

Бизнесті дамыту б л о г ы

-----	Бизнесті дамыту
	ж ө н і н д е г і
	<u>Вице-Президент</u>

	Атка. Оператор.
	рушы. лармен
	дирек. жұмыс іс.
__	тор- _ теу жөні. _
	АТД ндегі ат.
	дирек. қарушы
	<u>торы</u> <u>директор</u>
	Ақпа. Байланыс
	раттық оператор.
	техно. ларымен

		логия.			келісім		
		лар			жасау де.		
		депар.			<u>партаменті</u>		
		тамен.			_____		
		<u>ті</u>			Халықара.		
		_____			лық келі.		
		КАЖ			сім депар.		
		пайда.			<u>таменті</u>		
		__лану			_____		
		орта.			Атқарушы		
		<u>лығы</u>			__директор-		
		_____			қызмет		
		Корпо.			<u>басшысы</u>		
		ратив.			_____		
		тік			Сыртқы ак.		
		__акпа.			тивтерді		
		раттық			басқару		
		жүйені			жөніндегі		
		қорғау			<u>қызмет</u>		
		қыз.			_____		
		<u>меті</u>			Қоғамның		
		_____			__шетелдегі		
		Дерек.			<u>өкілдігі</u>		
					__терді		
					өңдеу		
					қыз.		

| меті |

Корпоративтік басқарудың басты міндеті "Қазақтелеком" АҚ жұмысын тұтастай алғанда акционерлер мен қоғам мүддесі үшін ұйымдастырудан тұрады. "Қазақтелеком" АҚ-ның ойдағыдай жемісті қаржылық қызметіне ағымдағы жұмыс сияқты, негізінде және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің ықпалын ескере отырып, ішкі факторларды, телекоммуникациялар рыногы дамуының сыртқы беталысын талдау жасалатын ұзақ мерзімдік стратегия мәселелері бойынша да дер кезінде қабылданған шешімдерден туындайды.

Озық ақпараттық технологияларды пайдалануға негізделген шоғырландырылған есептілік беру қаржы тәртібін нығайтуға, тұтастай бүкіл "Қазақтелеком" АҚ сияқты, оның әрбір филиалының да қызметінің шынайы бейнесін назарда ұстауға, қаражатты перспективалық бағыттарына инвестициялауға мүмкіндік береді.

"Қазақтелеком" АҚ-ты стратегиялық басқару барлық қорларды: материалдық,

қаржылық, еңбек ресурстарын, озық технологияларды тиімді бөлу мен пайдалануды және соның негізінде - рыноктағы, бәсекелестік ортадағы тұрақты жағдайды қамтамасыз етеді.

2. Қызмет саласы рыногын талдау

Бағалау бойынша 2002 жылы телекоммуникациялар қызметін көрсетудің қазақстандық рыногының көлемі 2001 жылмен салыстырғанда 25% өсіп, 90 млрд. теңгеден асты. Рынок құрылымының өзгеруі ұялы байланыс рыногы үлесінің өсуі есебінен болып отыр. Телекоммуникациялар рыногының жалпы көлеміндегі халықаралық, қалааралық және ұялы байланыс қызметін көрсетудің үлесі шамамен бірдей екендігін атап өту керек (бағалау бойынша - 25-28%). Қалған үлесті жергілікті байланыс, деректер беру қызметін көрсету мен Интернет желісі алып отыр.

Жоғары өсу қарқыны деректер беру, Интернет желісі және ұялы байланыс рыногында; бірқалыпты өсу қарқыны жергілікті және қалааралық телефон байланысы рыногында сақталған; төменгі өсу қарқыны халықаралық байланыс рыногында күтілуде, өйткені онда осы қызмет түрімен айналысушылар өте көп.

2002 жылы "Қазақтелеком" АҚ-ның жергілікті байланыс рыногындағы үлесі 81%, қалааралық байланыста 91%, ТМД елдерімен халықаралық байланыста 92%, алыс шетелдермен байланыста 81% болып бағаланды. "Қазақтелеком" АҚ-ның деректер беру және Интернет желісі рыногындағы үлесін бағалау 42% құрайды.

Рыноктағы жоғарғы үлестер көбінесе тарихи қалыптасқан клиенттік базаның болуымен түсіндіріледі. Кейбір жергілікті рынокта және корпоративтік клиенттер рыногында "Қазақтелеком" АҚ үлесі анағұрлым төмен.

Телекоммуникация рыногында операторлардың бәсекелесі мен белсенділігінің арта түскенін атап өткен жөн. Мәселен, 2001 жылы 184 лицензия берілсе, 2002 жылы 215 лицензия берілді. Белсенділіктің артуы рыноктың барлық сараланымында, ал ең көбі - қалааралық пен халықаралық байланыс (бөлінген операторлар), арналарды жалдау, деректер беру және Интернет желісі рыноктарында байқалып отыр.

Байланыс жүйелеріне техникалық пайдалану қызметін көрсету, корпоративтік желілерді басқару және әкімшіліктендіру рыногына қызығушылық артып отырғанын а т а п ө т у к е р е к .

Клиенттерге байланыс қызметтерін көрсетудің толық спектрін ұсынуға қабілетті бөлектелген байланыс желісі операторларының саны көбейіп келеді. Операторлар өз лицензияларының тізімін жаңа байланыс қызмет көрсетумен толықтыруда.

Рынокта кейбір аймақтарда "Қазақтелеком" АҚ желісімен бара-бар жер үсті желілеріне бар ірі магистральдық оператор KazTransCom пайда болды.

Арна және Ratel жетекші операторларының DUCAT жаңа сауда маркасы аясындағы одағы Атырау қаласы мен Батыс Қазақстан облысы рыногына белсенді түрде енгізіліп, 2003 жылы Астана қаласы рыногына шықты.

"Қазақтелеком" АҚ-ның басты бәсекелестері

Қызмет көрсету түрлері	Операторлар
Жергілікті телефон байланысы	KazTransCom, Транстелеком, Қазаэронавигация, Арна, Каскортелеком, Мұнайтелеком, СВИМ
Қалааралық, халықаралық байланыс, арналарды жалдау және спутниктік байланыстың телген желісі қызметін көрсету	ASTEL, Нұрсат, Ratel, KazTransCom, TNS-plus, Қазинформтелеком, Кателко бөлек.
Деректер беру және арналарды жалдау	Нұрсат, ASTEL, KazTransCom TNS-plus, Кателко, Қазинформтелеком, Golden Telecom, D U C A T

Заңды және жеке тұлғалар "Қазақтелеком" АҚ қызметін тұтынушылар болып табылады. Тұтынушылар құрылымының 11%-ын алатын заңды тұлғалар "Қазақтелеком" АҚ кірістерінің 45%-ын береді. Тұтынушылар құрылымының 89%-ын құрайтын жеке тұлғалар "Қазақтелеком" АҚ кірістерінің 55%-ын қалыптастырады.

3. 2001-2003 жылдардағы өндірістік-қаржылық қызметті талдау

1. 2001 жылдың қорытындылары

2001 жыл "Қазақтелеком" АҚ үшін жоғары өндірістік және қаржылық көрсеткіштермен ерекшеленді. Мәселен, негізгі қызметтен алынған кіріс 45,9 млрд. теңгені құрап, 2000 жылмен салыстырғанда 19% артты. "Қазақтелеком" АҚ жүргізіп отырған телекоммуникациялар желісін кеңейту және жаңарту жөніндегі жұмыстар, ел экономикасының жаппай жандануы, нысаналы тарифтік саясат көрсетілетін қызметін көлемін ұлғайтып отыр.

Трафик көлемі жөніндегі жоспарды асыра орындау есебінен қалааралық және халықаралық сөйлесулердің артуы 2000 жылғымен салыстырғанда 30% болады. Жергілікті желі бойынша негізгі телефон аппараттары (бұдан әрі - НТА) мен жаңа қондырғыларды көбейту есебінен кірістердің ұлғаюы байқалды. Смарт-карталар сату, деректер беру желісінің қызмет көрсетуі тәрізді жаңа қызмет түрлері бойынша едәуір өсім барын айту қажет, Kulan желісінен, IPLC жалға беруден, оларды сатудан түскен

кірістің сомасы 88% өсті.

Операциялық қызмет шығыстарының сомасы 34,1 млрд. теңгені, оның ішінде өндірістік өзіндік құн бойынша 26,8 млрд. теңгені құрады (өсуі - 6,6%). Бұл ретте кезең шығындары 2000 жылмен салыстырғанда 15% төмендетіліп, жоспарланған 8,1 млрд. теңгенің орнына 7,3 млрд. теңгені құрады.

Таза кіріс 2000 жылғы деңгейден 3 есе өсіп, 8,6 млрд. теңгені құрады. 2002 жылғы 15 мамырда өткен акционерлердің жылдық жалпы жиналысында 2001 жылдың қорытындылары бойынша жай акцияларға таза кірістің 20%-ы мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданды. 1 акцияға кіріс 155,97 теңге болды.

2001 жылы ақылы қалааралық және халықаралық телефон трафигі өткен жылдың деңгейінен 30% асып түсіп, 1101 млн. минутқа жетті.

Деректер беру желісінің (Интернет желісіне қол жеткізу, электрондық пошта, факсимильдік және дауыстық хабарлар беру, телеконференциялар, деректер беру және цифр түрінде ұсынылатын кез келген ақпаратты беру) одан әрі дамуы және осы қызметтерге деген зор сұраныс Интернет желісі арналарында жұмыс істеу уақытының өсуіне әсер етіп, оны 2000 жылмен салыстырғанда 89%-ға ұлғайтып, 204,8 млн. минутқа жеткізді.

Батыс талшықты-оптикалық магистральдың негізгі екі сараланымы құрылысының аяқталуы байланыс желісін жаңғырту мен дамытудағы негізгі жетістік болды.

Ұлттық Ақпараттық Супермагистраль (бұдан әрі - ҰАСМ) құрылысын жалғастыру шеңберінде жобалау-іздістіру жұмыстары жүргізіліп ҰАСМ Шығыс тармағының жұмыс сызбалары әзірленді.

Астана қаласында 6572 порттық екінші Халықаралық коммутация орталығының (бұдан әрі - ХКО) пайдалануға берілуі Қазақстанның телекоммуникациялар желісін дамыту және жетілдіру жолындағы маңызды кезеңнің бірі болды.

Жергілікті желіні цифрландыру жұмыстары 2001 жылы да жалғасты. Облыс орталықтары мен облыстық бағыныстағы қалаларда жалпы сыйымдылығы 186 мың нөмірлік жабдықтар орнатылды. Бұған қоса, Ақмола, Атырау, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының аудандары орталықтарында жалпы сыйымдылығы 32 мың нөмірлік цифрлық жабдықтар орнатылды.

Уақыт бойынша есептеуді жаппай енгізу жұмысы "Телекоммуникация желілерінде ТҚУЕ енгізудің жоспар-кестесін бекіту туралы" 2001 жылғы 26 маусымдағы N 873 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген жоспар-кестеге сәйкес жүргізілді.

Балама желіні уақыт бойынша есептеу аппаратурасымен толықтырып жабдықтау жүргізілді, 2001 жылы ТҚУЕ енгізілген қалаларда "Микронет" және "ELSYS" фирмаларының аппаратуралары жұмыс істеп тұр.

2001 жылы Павлодар, Шымкент, Қарағанды, Атырау, Қостанай және Өскемен

қалаларында SDH қалалық сақиналары пайдалануға берілді.

Сөйтіп, Қазақстанның 11 облыс орталығында орнатылған цифрлық жеткізу желілері ҚТС жүйесінде станцияаралық байланыс сапасын жақсартумен бірге, барлық ақпарат түрлерін беруді, оның ішінде деректер беру, бейнеақпарат және басқа да мультимедиялық қызметтер көрсетуді ұйымдастыруға да мүмкіндік туғызды.

2001 жылы "Қазақтелеком" АҚ абоненттік мультисервистік қол жеткізу желісінің құрылысын салу, интеллектуалдық желісін құру жобасын жасау басталды.

2. 2002 жылдың қорытындылары

2002 жылы "Қазақтелеком" АҚ-ын серпінді дамыту жөніндегі оң үрдісі нығайтылды . Жоспарланған өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің көпшілігі асыра орындалды .

2002 жыл ҰАСМ Шығыс тармағы құрылысының басталуымен ерекшеленді. ТОБЖ-не 6 облыс орталығы және облыстық бағыныстағы 29 қала кіретін болады. Шығыс тармағының құрылысын салу ұлтаралық транзитті ұйымдастыруға және екі қаланың - Астана мен Алматының (солтүстік пен оңтүстік) ХКО-тарын цифрлық ағымдармен байланыстыруға мүмкіндік береді. Бұл ұлттық телекоммуникациялар желісінің және халықаралық байланыстың тұрақты жұмысын ұйымдастыру үшін аса маңызды .

Жергілікті желіні жетілдіру жұмыстары жалғастырылды. Облыс орталықтарында және облыстық бағыныстағы қалаларда жалпы сыйымдылығы 134223 нөмірлік цифрлық автоматты телефон станциялары орнатылды. АТС бойынша қалалық телефон станцияларында 67147 нөмір цифрлық АТС сынақтық пайдалануға берілді. Қалалық телефон станцияларында (бұдан әрі - ҚТС) сыйымдылығы 39564 нөмірлік цифрлық АТС-тар, аймақтық желіде сыйымдылығы 27512 нөмір іске қосылды.

	Н ө м і р
Жалпы монтаждalған сыйымдылық	2 398 359
оның ішінде цифрлық	1 055 145
ҚТС монтаждalған сыйымдылығы	1 927 557
оның ішінде цифрлық	995 985
Ауылдық телефон станцияларының (бұдан әрі - АТС) монтаждalған сыйымдылығы	470 802
оның ішінде цифрлық	59 160
Жалпы іске қосылған сыйымдылық	2 093 770
оның ішінде цифрлық	949 562
ҚТС іске қосылған сыйымдылығы	1 728 225
оның ішінде цифрлық	896 433
АТС іске қосылған сыйымдылығы	365 545

2003 жылдың 1 қаңтарында НТА саны 2 081 858 нөмірді (2001 жылмен салыстырғанда 6,8% өсім), оның ішінде ҚТС бойынша - 1 716 879 нөмірді (5,5% өсім), АТС бойынша - 364 979 нөмірді (12,9 % өсім) құрады.

Қазақстан Республикасы бойынша телефон тығыздығы 100 тұрғынға шаққанда 14 нөмірді, оның ішінде ҚТС бойынша - 20,5 нөмірді және АТС бойынша - 5,6 нөмірді құрады.

2002 жылы желіні ұлғайта отырып, координаттық станцияларды М-200 үлгісіндегі цифрлық станциямен ауыстыру арқылы 56 ауылдық АТС жаңартылды. Сөйтіп, ауылдағы цифрлық станциялардың жалпы саны өткен жылғымен салыстырғанда 2 есе көбейді.

Шағын жаңғырту жабдықтарымен (БАУЕ-АНА, электрондық РСЛО және регистрлер) толық жабдықтау арқылы, АТМК-50/200 үлгісіндегі 351 ауылдық АТС абоненттерінің қалааралық желіге шығуы қосымша қамтамасыз етілді.

Ауылдық және қатынауы қиын аудандар үшін ДАМА технологиясы бойынша спутниктік байланыс желісінің құрылысын салу жалғастырылды. 2002 жылы 30 ДАМА станциясы орнатылды. Спутниктік желінің жалпы сыйымдылығы 2003 жылдың 1 қаңтарында 230 станция болды, оның 195-і шалғайдағы ауылдық мекендерде.

2002 жылы "Қазақтелеком" АҚ уақыт бойынша есеп айырысуды жаппай енгізуге қатысты жұмыстарды жалғастырды. Тараз, Өскемен, Орал, Павлодар, Ақтау, Петропавл, Атырау, Қостанай және Көкшетау қалаларында балама АТС-ның уақыт бойынша есептеу жабдықтары сынақтық пайдалануға қабылданды.

2002 жылы өнімдерді сатудан түскен кіріс 56804,4 млн. теңге сомасында немесе жоспардың 105,6% болып есептелді. 2001 жылмен салыстырғанда 23,8% өсімімен жоспардан тыс 3027,6 млн. теңге алынды. Кірістер жоспары бұрынғы жылғыдан да өсе түсіп, телекоммуникациялар қызметінің барлық түрі бойынша қамтамасыз етілді.

Кірістер құрамындағы ең көп үлесті қалааралық және халықаралық телефон байланысы алады - 63%. Қызмет көрсетудің осы түріндегі жоспардың артық орындалуы 7,5% немесе 2001 жылмен салыстырғанда 24,7% өсімімен 2493,6 млн. теңге мөлшерінде қамтамасыз етілді.

Жергілікті телефон байланысы бойынша көрсетілген қызметтен түскен кіріс көлемі желі абоненттерінің санын көбейту бойынша жоспардың 1,8 есе, телефон орнату жоспарының 33,1% артығымен орындалу есебінен жоспарға қарағанда 473,2 млн. теңге (104,5%), өсті. 2001 жылға қарай кіріс өсімі 111,3% құрады.

2002 жылы операциялық қызмет шығындары 43 951,4 млн. теңге сомасында есептелді, бұл жоспардағыдан 5,2% артық.

Негізгі қызметтен түскен кіріс "Қазақтелеком" АҚ бойынша тұтас алғанда 2001 жылғымен салыстырғанда 9,3% өсіммен 12 852,9 млн. теңге сомасында есептелді.

Таза кіріс 2001 жылмен салыстырғанда 40,6% және жоспардан 40,9% жоғары өсімімен 12 147,2 млн. теңге сомасында алынды.

Бір жұмыс істеушіге шаққандағы кірісі 19,1% ұлғайып, 1 764,5 мың теңге болды.

2002 жылы жұмыс істеушілердің орташа тізімдік саны 32193 адамды құрап, 2001 жылға қарағанда 3,3% өсті.

Орташа тізімдік сан ауылдық байланысты қалпына келтіру жөніндегі бағдарламаның жүзеге асырылуына және өндірістің кеңеюіне (атап айтқанда, желілік-кабелдік шаруашылықты техникалық қамтамасыз ету, Батыс ТОБЖ пайдалануға берілуі, сату орталықтарын кеңейту) байланысты көбейді.

Негізгі реттелетін қызмет көрсетулердің тарифтері өсірілген жоқ.

2002 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер ретінде 13194,5 млн. теңге, оның ішінде корпоративтік табыс салығы 2924,9 млн. теңге, әлеуметтік салық - 2455,1 млн. теңге, ҚҚС - 3830,1 млн. теңге, Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін тауарларға ҚҚС - 1947,4 млн. теңге төленді. Сонымен бірге, 2002 жылы 2001 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер 946,5 млн. теңге көлемінде бюджетке төленді.

3. 2003 жылдың қорытындылары

НТА өсімі 146,4 мың телефон болды, оның ішінде 44,2 мың телефон ауылдық жерлерде, орнатылған НТА саны - 191,8 мың телефон, оның ішінде 59,2 мың телефон ауылдық жерлерде. "Қазақтелеком" АҚ өз қаражаты есебінен бұрын телефондандырылмаған 536 елді мекенді телефондандырды.

2003 жылдың аяғында НТА саны 2228 мың бірлікті құрады.

Смарт-карталармен жұмыс істейтін әмбебап таксофондар желісі 642 данаға ұлғайды.

2003 жылы қалааралық, халықаралық телефон трафигі 1545,5 млн. минутты, оның ішінде бағыттар бойынша: Қазақстан Республикасы - 1418,5 млн. минутты (ұялы байланыс операторларының 271,3 млн. минут трафигін қосқанда), ТМД мемлекеттері бойынша - 113,9 млн. минутты, алыс шетелдер бойынша - 13 млн. минутты құрады.

2003 жылы телеграф трафигі 532 мың бірлікті құрады.

Негізгі қызметтен түсетін кіріс 65 880,6 млн. теңгені, оның ішінде қалааралық, халықаралық байланыс қызметін көрсетуден түскен кіріс 41 086,3 млн. теңге, жергілікті байланыстан түскен кіріс - 11 731,5 млн. теңге, деректер беру желісі қызметін көрсетуден түскен кіріс - 2 667 млн. теңге болды.

Операциялық қызмет шығыстары 49610,8 млн. теңге сомасын, оның ішінде өндірістік өзіндік құн бойынша - 37 940,7 млн. теңгені құрады.

Өзіндік құн құрылымы мынадай болды:

(млн. теңге)

Өзіндік құн, барлығы	37940,7
о н ы ң	і ш і н д е :
Материалдар	2755,9
Еңбек бойынша шығындар	12058,7
үстеме шығындар	23126,1

Кезең шығындары 11 670,1 млн. теңгені, оның ішінде жалпы және әкімшілік шығындар - 9 318,4 млн. теңгені құрады.

Жалпы табыс 2002 жылға қарағанда 18,8%-ке өсіп, 27 939,9 млн. теңге болды.

Таза кіріс мөлшері 17 827,3 млн. теңгені, негізгі қызмет табысына қарағанда таза кіріс деңгейі 27 % құрады.

Кірістер бойынша болжамдардың орындалуы кеңейтілген инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде қамтамасыз етілді, оның көлемі 19088 млн. теңге болды. Бағдарламаны қаржыландыру сыртқы қарыздар есебінен (10247 млн. теңге) және өз қаражаттарын пайдалану жолымен (8840 млн. теңге) қамтамасыз етілді. Инвестицияларды жергілікті телекоммуникациялар желісін жетілдіруге және дамытуға, Шығыс ТОБЖ құрылысын аяқтауға, Интернетке баратын сыртқы арналардың жалпы сыйымдылығын 68 Мбит/с дейін ұлғайта отырып, деректер беру желісін дамытуға және басқа жобаларға бағытталды.

Жезқазған - Жаркент, Атырау - Орал цифрлы радиорелелік желілердің құрылысын салу жүзеге асырылды. 2003 жылы Солтүстік ТОБЖ жобалауды әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілді. 2003 жылы 140 ауылдық балама станцияларды цифрлық АТС-ге алмастыру жүргізілді. Аудан ішіндегі қосылу желілерін цифрландыру 116 ауылдық елді мекенді қамтыды. Шалғайдағы қатынауы қиын аудандарда 30 ДАМА станциясы орнатылды.

"Қазақтелеком" АҚ акционерлерінің 2003 жылы 16 мамырда өткен жалпы жиналысының шешіміне сәйкес 2002 жылдың қорытындылары бойынша дивидендтер мөлшері жай акцияларға 3,24 млрд. теңге, оның ішінде мемлекеттік акциялар пакетіне 1,8 млрд. теңгені құрады. Сөйтіп, бір жай акцияға дивидендтер мөлшері 296,63 теңгені құрады.

2003 жылы мемлекеттік бюджетке төленген салық мөлшері 15,57 млрд.теңгені құрады: ҚҚС - 6,28 млрд.теңге, корпоративтік табыс салығы - 3,92 млрд.теңге, әлеуметтік салық - 2,82 млрд.теңге, көлікке, жерге, мүлікке салық - 0,62 млрд.теңге, төлем көзінен табыс салығы - 1,43 млрд. теңге болды.

"Қазақтелеком" АҚ Жамбыл облысында болған жер сілкінісінен зардап шеккендерге көмек көрсету мақсатында 25 млн. теңге аударды. Жер сілкінісі салдарынан қираған телекоммуникация объектілерін қалпына келтіруге 141 млн. теңге мөлшерінде қаражат бөлінді. Қираған АТС ғимараттарының құрылысы салынуда және Қызылшаруа ауылы мен Луговая станциясында жаңа цифрлық станциялар орнатылуда,

жаңа желілік-кабельдік шаруашылық құрылысын, оның ішінде "Луговая-Құлан станциясы" учаскесіндегі талшықты-оптикалық байланыстың қосылу желісін салу жүзеге асырылуда. Аудан орталығы Құландағы АТС ғимараты күрделі жөндеуден өтуде.

4. 2004-2006 жылдарға арналған даму жоспары

1. Мақсаттар және міндеттер

Экономиканың өрлеуімен, іскерлік белсенділіктің жандануымен, халық табысының өсуімен сипатталатын қолайлы макроэкономикалық факторлар болжанып отырған кезеңде телекоммуникациялар қызметін көрсетуге деген көтеріңкі сұранысты қалыптастырады және телекоммуникациялар рыногының серпінді дамуына септігін т и г і з е д і .

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2004 жылғы 17 наурыздағы N 1297 тапсырмасына және Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Д.К. Ахметовтің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 17-52/1881 тапсырмасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің DCS-1800 стандартындағы лицензияға конкурс өткізу жөніндегі жоспарларына байланысты жоспарланып отырған кезеңде ұялы байланысқа лицензия алу қарастырылуда. 2006 жылы "Қазақтелеком" АҚ-ын жекешелендіруді жүзеге асыру мүмкіндігі қ а р а с т ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Бәсекелестік рынок жағдайында тиімді әрі табысты жұмыс істеу мақсатында "Қазақтелеком" АҚ толығымен бизнес бағытын ұстанған компанияға айналуы керек. Ол үшін бизнестің тиімді жаңа түрлерін игеруге, кірістері жоғары сараланымдардағы жұмысты күшейту және көпшілікке қызмет көрсету рыногындағы өзіндік үлесін а р т т ы р а т ү с у г е т и і с .

Ырықтандыру барысында кірістердің шығыны жаңа рыноктардағы кірістің өсуімен және тарифтерді қайта теңгерімдеумен өтелуге тиіс. Жоспарланған мерзімде "Қазақтелеком" АҚ-ның ұялы байланыс желісін құру көзделеді. Ұялы байланыс операторының рыногына қатысу "Қазақтелеком" АҚ үшін стратегиялық міндет болып табылады. Бұл компанияның капиталдануын арттырады, келешегі зор және стратегиялық тұрғыдан маңызды ұялы байланыс операторы рыногына мемлекеттің қатысуын күшейтеді, ауылдық байланыстың бірқатар мәселелерін ең аз шығынмен шешуге, тұрғындарға сапалы әрі арзан ұялы байланысты ұсынуға мүмкіндік береді. Лицензия алу және жобаны жүзеге асыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес іске асырылатын болады.

Соның нәтижесінде болашақ жекешелендіру кезінде "Қазақтелеком" АҚ капиталдануы рыноктық құнды арттыру арқылы өсетін болады.

"Қазақтелеком" АҚ жоспарланып отырған кезеңдегі жұмысының мақсаттары:

қоғамның және мемлекеттік басқару органдарының байланыс қызметін көрсетудің барлық түрлеріне сұраныстарын қанағаттандыру;
рыноктық бағаның тұрақты ұзақ мерзімді өсуі.
"Қазақтелеком" АҚ алдағы кезеңдегі міндеттері:
рыноктағы өз тұғырларын нығайту;
бизнес-бағыттық ішкі және сыртқы саясатты қалыптастыру;
бәсекелестікке төтеп бере алатын және қазіргі заманға сай телекоммуникациялық инфрақұрылымды қалыптастыру болып табылады.

2004 жылы толық бәсекелестік рыногы жағдайында рыноктағы тұғырлардан айырылмау үшін компанияны бизнес-бағыттық тұрғыдан қайта ұйымдастыру стратегиялық міндет болып табылады.

2. Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу жолдарын таңдау

Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін "Қазақтелеком" АҚ мынадай стратегиялық бағыттарды таңдайды:
қазіргі заманғы телекоммуникациялық инфрақұрылымды қалыптастыруды аяқтау;
жоғары кірісті сараланымдарда бизнесті жандандыру;
клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру.

2007 жылға қарай ҰАСМ құрылысы аяқталатын болады, жергілікті желілерде монтаждalған сыйымдылықты цифрландыру деңгейін 60% дейін жеткізуді қамтамасыз ету болжанып отыр. Қазіргі заманғы цифрлық жабдықтар, желілер мен оларды пайдалануды оңтайландыру негізінде жергілікті телекоммуникациялар желілерін жетілдіру және дамыту, желінің және оны пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет. "Қазақтелеком" АҚ алдағы қызметінде озық технологияларды пайдалану негізінде телекоммуникациялар қызметін көрсету түрлерін кеңейтуге баса назар аударатын болады.

Бизнес құрылымы жоғары рентабелді клиенттер мен қызмет түрлерінің сараланымда компанияның үлесін арттыру жағына қарай өзгеруі тиіс. "Қазақтелеком" АҚ-ның Европа - Қытай транзиттік трафигінің ең ірі ұлтаралық операторы, ұялы байланыс операторы ретінде қалыптасуы ең маңызды стратегиялық бағыт болып табылады. Бұқаралық рынок үшін деректер беру қызметін көрсетеді, оны одан әрі кеңейтудің де болашағы зор.

"Қазақтелеком" АҚ-ы телекоммуникациялық рыноктағы жетекші тұғырын нығайта түсу сату жүйесін айтарлықтай жақсартуға және тұтынушыларға ұсынылатын сервистің сапасын арттыруға негізделетін болады.

3. Өнім (жұмыс, көрсетілетін қызмет) өндірудің даму серпіні

Болжанып отырған кезеңде "Қазақтелеком" АҚ-ның күш-жігері жоғары сапалы ішкі және сыртқы ақпарат алмасуды, телекоммуникациялар қызметін көрсетудің барлық түрлерін дамытудың ең қуатты негізін қамтамасыз ететін, бірегей техникалық және ұйымдастыру идеологиясы негізінде жұмыс істейтін және дамитын қазіргі заманға сай

телекоммуникациялар желісін құруға бағытталатын болады.

Болжам бойынша күрделі салымдар 2004 жылы 25,2 млрд. теңге, 2005 жылы - 22,1 млрд. теңге, 2006 жылы - 21,7 млрд. теңге болады. Аталған қаражаттар телекоммуникациялар желісін одан әрі дамытуға, халықтың және дамып келе жатқан экономиканың байланыс қызмет көрсетулеріне деген өсе түсетін сұранысты қанағаттандыруға жұмсалады.

2006 жылы негізгі телефон аппараттарының саны 2004 жылмен салыстырғанда 8% өсіп, 2,4 млн. данаға жетеді. Қалааралық және халықаралық телефон трафигі 1,8 млрд. минутқа жетеді.

	2004 ж. болжам	2005 ж. болжам	2006 ж. болжам
НТА - барлығы, мың дана	2362	2386	2409
Қалааралық, халықаралық телефон трафигі - барлығы, млн. мин.	1623	1704	1789

2006 жылы сатылған өнімнің (жұмыстың, қызмет көрсетудің) болжамды өзіндік құны 2004 жылдың деңгейіне қарағанда 12% өсімімен, 42,3 млрд. теңгені құрайтын болады.

Өзіндік құн құрылымының 2006 жылға дейінгі болжамы
(млн. теңге)

	2004 ж. болжам	2005 ж. болжам	2006 ж. болжам
Өзіндік құн, барлығы	39908	40073	42316
о н ы ң і ш і н д е :			
Материалдар	4133	4321	4808
Еңбек бойынша шығыстар	11972	11410	12103
үстеме шығындар	23803	24342	25405

Телекоммуникациялар желілерінің кеңеюіне, сол сияқты ішкі және сыртқы өндірушілер бағаларының көтерілуімен де байланысты электр қуатына, отынға, кабельге және қосалқы бөлшектерге жұмсалатын шығыстардың артуы болжануда. Жабдықтардың айтарлықтай мөлшерінің желіні жаңарту мен кеңейту процесінде іске қосылуына байланысты амортизациялық жарналар ұлғаятын болады.

"Қазақтелеком" АҚ-да әкімшілік пен еңбек ұжымы арасында жасалған Ұжымдық шартқа сәйкес жүзеге асырылатын нақты мақсаттарға бағытталған әлеуметтік саясат

ж ү р г і з і л у д е .

"Қазақтелеком" АҚ-ның Ұжымдық шартында жұмыс беруші мен қызметкерлердің құқықтары және міндеттері, еңбек және демалыс тәртібі, еңбекақы төлеудегі негізгі кепілдіктер, қызметкерлер мен зейнеткерлерді әлеуметтік тұрғыдан қорғау, еңбек қорғау жөніндегі шаралар, әлеуметтік кепілдемелер және толық немесе ішінара еңбекке қабілетін жоғалтқан жағдайда қызметкерге өтемақы төлеу белгіленген.

Телекоммуникациялар желісін цифрландыру, жабдықтардың жаңа түрлерін, ақпараттық технологияларды және бағдарламалық өнімдерді енгізу біліктілігі неғұрлым жоғары мамандарды тартуды және тиісінше еңбекақы төлеуді талап етеді.

Директорлар кеңесі 1997 жылы "Қазақтелеком" АҚ-ның ауылда тұратын мамандарды жергілікті жерде оқытып, үйретуге тиіс деген шешім қабылдады. Оқыту шығындары "Қазақтелеком" АҚ-ның орталықтандырылған қорынан төленеді. Тұрақты түрде семинарлар өткізіледі, қызметкерлер ұдайы біліктілікті жетілдіру курстарынан ө т і п о т ы р а д ы .

"Қазақтелеком" АҚ-ның қызметі қоршаған ортаға зиян келтірмейді. Байланыс желілері құрылысын салғанда жерді қайта өңдеу және қалпына келтіру шаралары жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі жұмыс "Қазақстан Республикасындағы Еңбек туралы" 1999 жылғы 10 желтоқсандағы "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" 2004 жылғы 12 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, "Қазақтелеком" АҚ-да еңбекті қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы ережеге" сәйкес жүргізіледі. Жоғарыда аталған актілердің негізінде "Қазақтелеком" АҚ әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Байланыс қызметкерлерінің кәсіподағы арасында ұжымдық шарт жасалған, оның талаптарын "Қазақтелеком" АҚ барлық филиалдары орындауға м і н д е т т і .

Ұжымдық шартқа сәйкес еңбек жағдайын жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға әрбір жұмысшының заңдарда белгіленген жылдық ең төменгі еңбекақы деңгейінің 30%-нан кем болмайтын мөлшерде қаражат бөлінеді. Онда ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін енгізу, нақты және моральдік тұрғыдан ескірген жабдықтарды ауыстыру, жұмыс жайларында жарық пен жылу беру тәртібін нормаға жеткізу жөніндегі талаптар да көрсетілген.

Еңбекті қорғау мақсатына арналған қаражат мына баптар: телекоммуникация қызметкерлерінің тиісті санаттары үшін салалық тегін беру нормаларына сәйкес арнайы киім, арнайы аяқкиім, жеке қорғану құралдарын сатып алу ;

кәсіптік тәуекел сыныбын, зиянды және қауіпті жұмыс жағдайларында істейтін қызметкерлерге жеңілдіктер мен өтемақылар белгілеу мақсатында жұмыс орындарында а т т е с т а т т а у жү р г і з у ;

зиянды және қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерді міндетті түрде дәрігерлік тексеруден өткізу;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес арнайы тамақтандыру; өндірісте жүріп зақым алған қызметкерлерге емделуге, протездеуге және т.б. арналған залалдарды өтеу; өртке қарсы шаралар; еңбекті қорғау бойынша нормативтік-техникалық құжаттамалар сатып алу бойынша жұмсалады.

4. Баға және тариф саясаты

Тариф саясаты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Болжанып отырған кезеңде тарифтерді қайта теңдестіру және жалпы пайдаланымдағы қызмет көрсетулерді қаржыландыру бойынша ауыртпалықты рынокқа қатысушылардың барлығына бірдей бөлуді ашық және әділ тетікке біртіндеп ауыстыру жолымен тиімді емес қызмет көрсетулердің кросс-қаражаттандырылуын болдырмау көзделіп отыр.

Табиғи монополиялар туралы заңдарға және монополияға қарсы заңдарға сәйкес реттелетін телекоммуникациялық қызмет көрсетулердің түрлері бойынша іске қосылған байланыс операторларының активтері және кірістер мен шығыстарды жеке есептеуді жүргізудің Тұжырымдамалық негіздерінің талаптарына сәйкес, қызмет көрсету түрлері бойынша кірістер мен шығыстарды жеке есептеу, әмбебап қызметтерді қаржыландыру тетігін бір мезгілде енгізумен қатар жүзеге асырылады.

Телекоммуникациялардың реттелетін қызмет көрсетулерінің тарифтерін қайта теңдестіру жүргізілетін болады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Д.К. Ахметовте өткен жиналыстың 2003 жылғы 20 тамыздағы N 17-52/007-3 Хаттамасына сәйкес жеке тұлғалар үшін 2004 жылдың 1 сәуірінен бастап, ал заңды тұлғалар үшін - 2006 жылдан бастап бір жарым жыл ішінде тарифтерді қайта теңгерімдеуді бастауға шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес табиғи монополия саласына қатысты қызмет көрсетулердің тарифі табиғи монополия субъектілерін бақылау және реттеу саласындағы өкілетті органмен бекітілетін болады.

Байланыс қызметін көрсетудің экономикалық негізделген тарифтерін қайта теңдестіру және белгілеу телекоммуникациялық рыноктың бұрын басқа операторлар үшін тартымсыз болған сараланымдарында бәсекелестіктің пайда болуына жағдай жасайды, ол ұсынылатын қызмет көрсетулердің толыққандылығын, сапалылығын және әртүрлілігін арттыра түседі.

5. Қаржылық нәтижелер және бюджетпен қарым-қатынас

Бүгінгі таңда саланы ырықтандыру өлшемдері анықталған жоқ, сондықтан кірістердің болжамы шамамен жасалып отыр және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 ақпандағы N 168 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының телекоммуникация саласын 2003-2005 жылдарға арналған дамыту бағдарламасының (

бұдан әрі - Бағдарламалар) нақты іс-шараларының бекітілуіне қарай дәлдене түсетін
б о л а д ы .

Негізгі қызметтен түсетін кірістер болжам бойынша 2004 жылы 66,6 млрд. теңгені, 2005 жылы 65,7 млрд. теңгені, 2006 жылы 65,6 млрд. теңгені құрайды. "Қазақтелеком" АҚ-ның эксклюзивтік құқықтан айыру нәтижесінде қалааралық, халықаралық байланыс кірістері 2004 жылғы 40,2 млрд. теңгеден 2006 жылы 36,9 млрд. теңгеге дейін төмендейтіні болжанып отыр. Жергілікті байланыс бойынша кірістер тарифтерді қайта теңдестіру нәтижесінде 2004 жылғы 12,9 млрд. теңгеден 2006 жылы 14,1 млрд. теңгеге
д е й і н ө с е д і .

Рентабельділіктің 2002 жылғы 21%-дан 2006 жылы 18%-ға дейін төмендеуі телекоммуникациялар саласын ырықтандыру жағдайында "Қазақтелеком" АҚ жұмысының сыртқы жағдайларының өзгеруіне байланысты туындап отыр.

Таза пайда болжам бойынша 2004 жылы 12,8 млрд. теңгені, 2005 жылы - 12,4 млрд. теңгені, 2006 жылы - 11,9 млрд. теңгені құрайды.

М ы н а т а л а п т а р :

тарифтерді қайта теңдестіру 2004 жылдан бастап үш жыл ішінде жүргізілуі;
тарифтердің өзгеру серпінділігі жоспарланған көрсеткіштерге сәйкес жүргізілуі;

"Қазақтелеком" АҚ-ның акциялары бойынша бөлуге жататын жыл сайынғы дивидендтер көлемі таза кірістің 20%-нан аспауы;
экономика өрлеуінің тұтастай сақталуы орындалғанда ғана кірістер болжамының іске асуына қол жететінін атап өту керек.

Акционерлердің 2004 жылғы 23 сәуірде өткен жылдық жалпы жиналысында 2003 жылдың қорытындылары бойынша жай акцияларға 3438,5 млн. теңге, оның ішінде мемлекеттік акциялар пакетіне - 1910,1 млн. теңге көлемінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар, қалған таза кірістен ауылдық байланысты дамытуға 500 миллион теңге жұмсау шешілді. Жай акциялар бойынша дивидендтер жөніндегі болжам 2005 жылы 2446,7 млн. теңгені құрайды, 2006 жылы 2359,2 млн. теңге, оның ішінде мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер - 1359,1 млн. теңге, тиісінше 1310,5 млн. теңге болады. Жай акцияларға дивидендтер төлеу нысаны, тәртібі мен мөлшері заңдарға сәйкес белгіленетін болады.

"Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" 2003 жылғы 20 тамыздағы N 838 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес телефон байланысы жоқ ауылдық елді мекендерді телефондандыруға республикалық бюджет қаражаты есебінен немесе "Қазақтелеком" АҚ-ның жай акцияларын қайта инвестициялау есебінен 2004 жылы 940,2 млн. теңге, 2005 жылы - 751,2 млн. теңге, 2006 жылы - 540,1 млн. теңге
ж ұ м с а л а т ы н б о л а д ы .

"Қазақтелеком" АҚ-на қалааралық, халықаралық байланыс қызметтерін көрсетуге

берілген эксклюзивтік құқығын алып тастағаны үшін 2004 жылы республикалық бюджет есебінен 2299,5 млн. теңге мөлшерінде өтемақы төлеу қарастырылып отыр.

2004-2006 жылдары салық және бюджетке төленетін
басқа да міндетті төлемдер көлемінің болжамы
(млрд. теңге)

	2004 ж. болжам	2005 ж. болжам	2006 ж. болжам
Қ Қ С	6,1	6,0	6,1
Әлеуметтік салық	2,4	2,5	2,5
Корпоративтік салық, барлығы	5,5	5,3	5,1
корпоративтік табыс салығы	4,2	4,1	3,9
мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы	1,3	1,2	1,2
Мүлікке, көлік құралдарына, жерге салық	0,8	0,8	0,8
Төлем көзінен табыс салығы	0,4	0,4	0,4
Барлығы	15,2	15,0	14,9

2004 жылы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түрінде 15,2 млрд. теңге, 2005 жылы - 15,0 млрд. теңге, 2006 жылы - 14,9 млрд. теңге төлеу болжануда.

2-бөлім. Ұлттық компанияны дамытудың инвестициялық жоспары

1. Инвестициялық саясат және оның негіздемесі

"Қазақтелеком" АҚ-ның инвестициялық саясаты алдыңғы қатардағы әлемдік байланыс құралдарын өндірушілердің ең жаңа технологиялары негізінде қазіргі заманғы телекоммуникациялық инфрақұрылымды қалыптастыруға және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ақпараттық ағымдар транзитін ұлғайтуға бағытталған.

"Қазақтелеком" АҚ-ның инвестициялық саясаты телекоммуникациялар желісін жетілдіру мен дамытудың мынадай басым бағыттарына негізделген:

ҰАСМ құрылысын жалғастыру;
жергілікті телекоммуникациялар желісін жетілдіру және дамыту;
деректер беру желісін дамыту;
коммерциялық жобаларды дамыту.

Жүйе жасаудың, саланы технологиялық жағынан қайта құрудың негізі есебіндегі ірі жобалардың бірі ҰАСМ құрылысын салу болып отыр. Бұл жобаның тұжырымдамасы

SDH сақинасына негізделген технологияны пайдаланып, баламалы магистраль желісін жер үстіндегі талшықты-оптикалық жоғары жылдамдықты магистральдық желілерге түгелімен ауыстыру қажеттігіне тоғысқан. Соның нәтижесінде республиканың барлық аймақтарын әлемдік ақпарат желісіне кем дегенде үш жолмен шығатын үш үлкен сақина түрінде оңтайлы жалғастырылатын болады. ҰАСМ құрылысын салу магистральдық желіні пайдалануды арзандатады, қосудың сапасын арттырады, сондай-ақ байланыстың жоғары сапалы цифрлық арналарын және тасымалдау ортасын пайдалануға беру негізінде республикадағы телекоммуникациялар рыногын дамытуды қамтамасыз етеді және еліміздің ұзақ мерзім бойы бәсекелестік басымдығын қамтамасыз ету үшін технологиялық жағынан алда болуға және техникалық негіз ж а с а у ғ а ы қ п а л е т е д і .

"Қазақтелеком" АҚ 2005 жылдың соңына қарай Қазақстан Республикасының KazSat ұлттық геостационарлық байланысы және хабар тарату спутнигінде жаңа ішкі аймақтық бағыттарды ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Қазіргі бар ішкі аймақтық бағыттар бойынша ауыстыру Қоғам акционерлері мақұлдағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін, бұл ретте қолданыстағы спутниктік операторлармен жасалған қолданыстағы ұзақ мерзімді шарттарды бұзу барысындағы жоғалтулар барынша азайтылуға тиіс. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін "Қазақтелеком" АҚ қажетті ұйымдастыру-техникалық іс-шараларын жүргізеді.

2. Инвестициялық бағдарлама

"Қазақтелеком" АҚ-ның 2004-2006 жылдары іске асыру жоспарланатын ең ірі инвестициялық жобаларының тізбесі
(м л н . т е н г е)

Жобаның және оның құрамдастарының аталуы		Болжам		
		2004	2005	2006
1.	Телекоммуникация желілерін дамыту және жетілдіру	21511	18867	18518
1.1.	Бастапқы желі	4395	3140	3486
1.1.1.	Магистральдық бастапқы желі	4311	2870	3216
	ҰАСМ құрылысын салу	4015	2830	3176
	Ақтөбе қ-да ХКО құрылысын салу			250
	ХКО арна сыйымдылығын кеңіту	46	40	40
1.1.2.	Аймақ ішіндегі бастапқы желі	84	270	270
1.2.	Туынды желі	12385	12525	12398
1.2.1.	Жергілікті желі	10693	10555	10348
	Жергілікті желіні жаңғырту және			

дамыту	9566	9291	9048
Ауылдық желіні жаңғырту және дамыту	1127	1264	1300
ДАМА спутниктік байланыс желісін дамыту		204	247
1.2.2. Деректер беру желісі	733	1484	1781
1.2.3. Үстеме салынған желілер	959	486	269
J-Run бизнес-желісін дамыту	348	275	269
KULAM бизнес-желісін дамыту		611	211
1.3. Телекоммуникация желілерін ағымдық дамыту үшін негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу	4731	3202	2634
2. Ақпараттық технологиялар	1808	1303	1300
3. Басқа ұзақ мерзімді активтерді сатып алу немесе құру	1490	1550	1450
4. Тез өтелетін коммерциялық жобалар	400	400	400
Барлығы	25209	22120	21668

"Телекоммуникация желілерін дамыту және жетілдіру" жобалары топтарының құрамдастары:

бастапқы желі, қайталама желі; телекоммуникация желілерін ағымдық пайдалану және ағымдық дамыту үшін негізгі құрал-жабдықтар сатып алу.

"Бастапқы желі" жобасының құрамдастары:

аймақ ішіндегі бастапқы желі; магистральдық бастапқы желі;

Болжанған кезеңде ҰАСМ құрылысын салу жалғастырылады, оны 2007 жылға қарай толық аяқтау жоспарлануда және ол әлемдік телекоммуникациялық рынокта ұлттық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Цифрлық магистраль құру барлық деңгейдегі телекоммуникацияларды дамытуға да, ақпараттандыруды арттыруға да, ТОВЖ өтетін аймақтардың іскерлік белсенділігін көтеруге де мүмкіндік туғызады және Ресей желісіне қосылатын екінші өте қуатты тәуелсіз шлюз ұйымдастырылатын болады.

ҰАСМ құрылысын салу мемлекеттік деңгейдегі аса ірі жоба болып табылады. Магистральдық талшықты-оптикалық сақина құру мыналарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

Қазақстан Республикасының халқына сапалы қалааралық цифрлық байланысты ұсынуды;

Қазақстанның Алматы, Астана және Ақтөбе қалаларындағы ХКО-тар арқылы халықаралық желіге цифрлық шығуын;

халықаралық трафиктің ең қауырт жұмыс істеу уақыттарындағы ысырабын болғызбай, үш ХКО арасында оңтайландыру; цифрлық трактілерді және барынша қысқа маршруттарды пайдалану есебінен трафик сапасын арттыру;

қызмет көрсетулер спектрін, деректер беру, Интернет желісіне қатынау қызмет көрсетулерін кеңейту;

Қытайдан, Орталық Азия елдерінен Ресейге транзиттік трафикті өткізу; магистральдық SDH сақинасының құрылысы салынғаннан кейін байланыстың балама желілерін пайдаланудан шығару.

Супермагистральдың негізгі сақинасы Қазақстанның барлық ірі: қалаларын - Алматыны, Астананы, Өскеменді, Семейді, Павлодарды, Қостанайды, Ақтөбені, Қызылорданы, Шымкентті және Таразды қамтиды. Негізгі сақина осьтік магистралымен "жарылады", бұл халық саны бойынша Қазақстанның екінші қаласы Қарағандыны бірыңғай желіге қосып, ішкі екі сақинаны құруға мүмкіндік береді. Қазақстанның батысында Батыс сақинасының құрылысын салу көзделуде, ол Ақтөбе, Орал, Атырау қалаларын және аудан орталығы Мақаттан Ақтау қаласына тармақталуды қамтиды.

Батыс және Негізгі сақиналардың байланысы Ақтөбе қаласында жүзеге асады.

2004-2006 жылдары ҰАСМ құрылысын салуға 10021 млн. теңге жұмсау болжанып отыр. Жобаның өтелімділік мерзімі 96 ай. ТОБЖ Шығыс тармағының құрылысын қаржыландыру мақсатында бірқатар кредиттік келісімдер жасалды. 2002 жылғы 18 маусымдағы шарт шеңберінде Siemens АӨ компаниясының жабдықтарын және қызмет көрсетулерін жеткізуді қаржыландыру үшін 2002 жылғы 29 тамызда Sumitomo корпорациясымен 6,7 миллион еуро сомасына (толықтай 1.08 млн. теңге сомасына игерілді) кредиттік келісім жасалды. Қаржыландыру мерзімі - 5 жыл, сыйлықақы ставкасы - Euribor + жылдық 3,5295%. 2003 жылдың 2 сәуірінде "Қазақтелеком" АҚ Commerzbank AG (Германия) және Credit Agricole Indosuez (Франция) бірге кредиттік келісімдерінің құжаттарына қол қойды. Коммерциялық кредит бойынша 12 млн. еуроға (ағымдағы жылдың 01 мамырындағы жағдай бойынша 11 млн. евро немесе 1.8 млрд. теңге игерілді) жуық мөлшерде қаражат Қазақстан аумағындағы бас мердігердің құрылыс-монтаж жұмыстарын, қызмет көрсетулерін және материалдар мен жабдықтарды жергілікті жерден жеткізуді қаржыландыруға бағытталатын болады, оның 15,4 млн. евро мөлшерінде (ағымдағы жылдың 01 мамырындағы жағдай бойынша 14 млн. евро немесе 2.5 млрд. теңге игерілді) сатып алу кредиті жобаның экспорттық бөлігіне жұмсалады. Қаржыландыру 2002 жылдың 1 қыркүйегіндегі Siemens Ag жасалған N 2 сегментінің тапсырысы шеңберінде ТОБЖ-нің Шығыс тармағы құрылысының жобасын іске асыруға бағытталды. Қаржыландыру мерзімі - 3-6 жыл, сыйлықақы ставкасы - Euribor+ жылдық 0,75%-1,5%.

2004 жылы Ақтөбе қаласындағы ХКО құрылысын салуды аяқтау болжануда. Қазіргі

уақытта Қазақстан Республикасында Алматы және Астана қалаларындағы 5ESS жабдығына негізделген екі ХКО жұмыс істейді. Үшінші ХКО құрылысын салу қолданыстағы коммутациялық сызбаны тұйықтауға, қалааралық және халықаралық байланыстың сенімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Ақтөбе қаласындағы ХКО құрылысын салуды аяқтауға 2004 жылы 250 млн. теңге жұмсалады. Жобаның өтелімділік мерзімі 66 ай. Қаржыландыру көзі - "Қазақтелеком" АҚ-ның өз қаражаттары.

ХКО арна сыйымдылығын кеңейту үшін 2004-2006 жылдардағы күрделі қаржы салымдары 126 млн. теңге болады. Жобаның өтелімділік мерзімі 54 ай. Қаржыландыру көзі - "Қазақтелеком" АҚ-ның өз қаражаттары.

"Қайталама желі" жобасының құрамдастары:
жергілікті желі;
деректер беру желісі;
үстеме салынған желі.

